

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

бір рет тексеріс жасайтын тұлғаны тағайындап, зират қорымдарына қоршау қойып оның тазалығын тексеру керек. Сонымен қатар зираттардың жерін сату дауына байланысты прокуратура мониторинг жиі жүргізуі керек.

Қорыта келгенде, бұл заңды қабылдау жерлеуге қатысты болып жатқан көптеген мәселені шешуге тікелей әсер етеді. Қазір заңнамалық актінің болмауы "болашақта үлкен дауға әкелуі мүмкін" және еліміздің дамуының тежелуіне әкеп соғатын бірден-бір мәселе. Жерлеу заңы өмірден өткен адамды құрметпен қоштасу, сондай-ақ жерлеу орындарын басқару және жерлеу рәсімдері мен бейіттерге күтім көрсетуге қатысты дауларды шешу процестерін реттеу арқылы қоғамда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Жер Кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі.
2. Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 48 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018771>
3. санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024066>
4. <https://informburo.kz/amp/novosti/smert-ne-po-karmanu-ritualnye-uslugi-v-kazaxstane-podorozali-na-25-za-god>
5. <https://online.zakon.kz/m/amp/document/35991696>
6. https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakstanda-zirattardyi-kutp-ustau-turalyi-zan-azrleu-329504/amp/

УДК 351/354

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ ПӘНІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Амангелдиева Диана Жанибекқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті

amangeldiyeva.diana@internet.ru

Ғылыми жетекшісі

з.ғ.д., профессор Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович

Еліміз өз егемендігін алған уақыттан бастап мемлекетімізде болып жатқан барлық жағыдайларға қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу барысындағы іс-қимылдары өте өзекті мәселелердің бірі. Демократиялық елдерге тән біздің қоғамымыз да ашық, әрі адам құқықтарының ғана емес жалпы заңдылық қағидасының дұрыс түсінігі мен оның нормаларының орындалуының көрсеткіші адамның құқықтық мәдениетіне байланысты болып отыр. Осы орайда құқықтық мемлекет орнатушы Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпы мәдениетті қалыптастыруы қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу барысында халықтың рухани этникалық құқықтық деңгейде қабылдау жағыдайын қалыптастырудың тиімді тәсілі екенін көрсетіп отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мәнін «сыбайлас жемқорлық» ұғымының мазмұнын, осы этностық әлеуметтік құбылыстың тарихи түп-тамырын түсінбейінше, ұғыну мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық ұғымы қазіргі ғылыми және қоғамдық-саяси әдебиетте

кеңінен қолданылады. «Сыбайлас жемқорлық» сөзі (латын тілінен «*conumpere*») көптеген мағынасы бар: бүлдіру, құлдырау, параға сатып алу, азғыру, тура жолдан тайдыру, притон, құбылмалылық, істі бұзу, күйреуге әкелу, бұрмалау, алдау, қорлау, ар-намысын таптау, «*gumpere*» көп мағыналы (бұзу, қирату, заңнан аттап өту, шартты бұзу) етістігімен қатар қолданылатын «со» қосымшасы сыбайлас жемқорлық – бұл бірнеше субъектілердің қатысуымен іс-қимыл жасау екенін көрсетеді. Бұдан өзге, латынша «*corruptio*» «параға сатып алу», «іріп-шіру» дегенді білдіреді, «сыбайласу» етістігі «біреуді ақшамен немесе өзге де материалдық игіліктермен параға сатып алу» дегенді білдіреді. Рим құқығында «*conumpere*» сөзі «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, алдау, бұрмалау, параға сатып алу», сондай-ақ «құлдырау, бұзылғандық, нашар жағдай, (пікір немесе көзқарастың) құбылмалылығы» деген мағынаны білдіреді [1]. Сыбайлас жемқорлық ұғымының жалпыға танымал тұжырымдарымен қатар, латын термині «*corruptio*» екі түбірлі сөзден «*cor*» (жүрек, жан, рух, ақыл-ес) және «*rumpere*» (бүлдіру, бұзу) шығады деген пікір бар. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың мәні лауазымды тұлғаны параға сатып алуда немесе оларды байытуда емес, ал әлеуметтік жүйені, оның ішінде мемлекеттік билік жүйесінің бірлігін бұзуда (ыдырату, іріп-шіру), мемлекеттің, азаматтардың заңды мүдделерін қоғамдағы өзінің жағдайын жеке мақсатына пайдакүнемдік арқылы сатып кетуде.

Ежелгі құқық көздерінде сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасағаны үшін нақты жазалануы тиіс екені көрсетіледі: «§ 5. Егер судья істі талқылап, шешім шығарып, мөрі бар құжатты дайындаса, сосын өз шешімін өзгертсе, онда бұл судьяны шешімін өзгерткенін әшкерелеген жөн және осы істегі талап сомасын жиырма есе етіп төлеуі тиіс, одан бөлек жиналыста оны судьялар орынтағынан қуылуы тиіс және ол орнына қайтып келіп, сотта судьялармен бірлесіп отырмауы тиіс. § 6. Егер адам құдайдың затын ұрлап алса, ол адам өлтірілуі керек, сонымен қатар оның қолынан ұрланған затты қабылдаған адам да өлтірілуі тиіс» [2]. Аристотель «Саясат» деген еңбегінде сыбайлас жемқорлықты мемлекетті күйретуге әкелмесе де, азғындауына әкелетін маңызды фактор деп атап көрсеткен. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Аристотель мемлекеттік тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізі деп санаған: «Кез келген мемлекеттік құрылыста ең бастысы – бұл заңдар және қалған тәртіп арқылы істі лауазымды адамның пайда таба алмайтындай етіп құру керек» [3]. Неміс философы М. Вебер (1864-1920 жж.) сыбайлас жемқорлық туралы ұғымның дамуына өз үлесін қосты. «Саясат міндет және кәсіп ретінде» (1919 ж.) еңбегінде ғалым саясаттан өзінің кәсібін және міндетін жасаудың екі тәсілін бөліп көрсетті: «не саясат «үшін» өмір сүру, не саясат «есебінен» өмір сүру. Саясат «есебінен» кәсіп ретінде оны тұрақты табыс көзіне айналдыру тырысатындар, ал саясат «үшін» өзге мақсатты көздейтіндер өмір сүреді» [4]. Вебер парақорлық пен сыбайлас жемқорлық орта ғасыр қоғамына тән әкімшілік аппараттың ажырамас қасиеті деп санады.

Парақорлықты, сатып алу, ұрлық жасау мен сатқындықты айыптау жазушылар мен ақындардың шығармаларынан табуға болады. Оның жарқын мысалы халық ақыны Абайдың «Қара сөздері» болып табылады. Үшінші қара сөзінде Абай былай дейді: «... әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, билікке таластық». Ұлы Абай Шығыстың көптеген халқына танылған және халық ауыз әдебиетінде ойып тұрып орын алған грек қаһарманы Александр Македонскийге арнаған «Ескендір» поэмасында былай деп жазады:

Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алған сайын дүниеге тоя ма екен?
Ұятың мен арыңды малға сатып,
Ұятсызда иман жоқ, түпке жетер.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңында мүдделер қақтығысы «жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық

өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда осы аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін» деп айқындалады [5].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл жаппай сана және оның жекелеген элементтері емес. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықты қабылдамау негізінде жататын осы жүйемен тіпті сәйкес келмейтін құндылықтар жүйесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – адамгершілік пен азғындық (орынды және орынсыз, мейірімділік пен зұлымдық, пайдалы және пайдасыз), құқықтық және құқықтық емес, ақылды және ақымақтық, тамаша және бейберекет призмасы арқылы адами қатынастар әлеміне көзқарас. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет адамның жоғары моральдық, құқықтық, саяси және басқа мәдениеттер негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұра білу қабілетін білдіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қазіргі уақытта шынайы қажетті құбылыс мәртебесін иеленеді, оны әлеуметтендіру процесінде қоғамның барлық әрекетке қабілетті мүшелері игеруі тиіс [6].

«Қандай қоғам болса, отбасы да сондай» деп айтады. Қоғамда жүретін барлық коллизиялар отбасы қатынастарында қалай болғанда да көрініс табады. Моральдық-адамгершілік ілгерілеу, құндылықты ұстанымдар, қоғамның артықшылықтары отбасы қатынастарының негізін құрайды, отбасылық тәрбиелеу траекториясын қалыптастырады. Сондықтан отбасы қоғамдық дамудың маңызды индикаторы болып табылады деген тезис күшінде қалады және шындыққа жанасады. Басқа жағынан, отбасы қоғамның бөлшегі ретінде қоғам дамуына белгілі бір ықпал етеді, қоғамдағы моральдық-адамгершілік ахуалға әсер етеді. Отбасы құндылықтарды, дәстүрді, мәдениетті, өмір салты мен дүниетанымдық ұстанымдарды көрсетеді. Бұл диалектикалық өзара байланысы ақырында отбасын қоғамның әлеуметтік институты ретінде біздің түсінігіміздің негізін құрады.

– Отбасы әлеуметтік институт ретінде көптеген функцияларды орындайды: халықтың өсіп-өнуі, жаңа жағдайда алдыңғы ұрпақтан жинақталған шаруашылық-экономикалық, тәрбиелеу, әлеуметтік, оның ішінде әлеуметтік тәжірибенің бейімделу функциясы. Отбасы шеңберінде сол немесе өзге әлеуметтік тәжірибені нығайту немесе жоққа шығару адамдардың құндылықты бағдарын қозғайды. Осының нәтижесінде қандай да бір құндылықтар кетеді, қайсыбірі келеді, тұлғаның рухани кеңістігінде өз орнын алады және оның өмірі үшін әлеуметтік маңызға айналады.

– Отбасы – қоғамның әлеуметтік институт ретінде нақты адамның қоғам өміріне енуіне мүмкіндік беретін құндылықтардың трансляторы болып табылады. Егер қазіргі қазақстандық отбасыға осы биіктіктен қарасақ, отбасы қатынастарында позитивті және жағымсыз фактілерді табуға болады [7].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың бүгінде маңызды екенін мемлекет, қоғам дұрыс түсініп отыр. Себебі, қылмыс жасалынып болғаннан кейін жемқорды тек жазалаумен немесе түрмеге қамаумен бұл салада түбегейлі өзгеріс болмайтыны айдан анық. Сондықтан да қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы «нөлдік төзімсіздікті» қалыптастыра отырып, білім мен тәрбиенің, мәдениеттің бетін бұру бүгінде маңызды шаралардың бірі болып отыр. Сол жағдайда ғана, біз болашақ тұлғаның санасы мен дүниетанымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастырып, оның бойында осы мәселеге қарсы құндылықтар жүйесін қалыптастыра аламыз. Сондықтан да тұлғаның әлеуметтенуінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызы зор. Жоғарыда айтылған жағдайды жүзеге асыруда білім мен тәрбиенің рөлі зор екені белгілі. Әсіресе бұл істе білім беру жүйесіне ерекше міндет жүктелуде. Десек те, Қазақстан білім беру кеңістігі сыбайлас жемқорлықтан мүлдем тазарды деп айта алмаймыз. Сыбайлас жемқорлықтың ең көп тараған түрі – пара беру мен пара алу әлі де болса жалғасып, білім кеңістігін моральдық тұрғыдан улап, білім сапасын төмендетуде, студенттердің білім алуға деген

ниеті мен ынта-жігерін шектеп, бәсекеге қабілетсіз, кәсіби біліктілігі мен қабілеті төмен мамандарды дайындауды әлі жалғастыруда. Пара беруді үйреніп, бәрін ақшаға сатып алуға болады деген түсінікпен қаруланған мамандардан болашақта не үміт күтуге болады? Олар бұл кәсібін басқа салаларда да жалғастыраы сөзсіз. Себебі, оның санасында пара беру немесе пара алу мәдениетсіздікке, моральдық тұрғыдан айыпталмайтын құбылыс деген түсінік қалыптасып, керісінше, ол шеберліктің, «иненің көзінен өтетін» ептіліктің, қандай да болмасын шаруаны тез шешудің басты тәсілі деген түсінік қалыптасары сөзсіз. Ол аз болғандай, сыбайлас жемқорлыққа деген жүрдім-бардым қарау, оған қарсы тұрмау, төзу психологиясы да қалыптасады. Сондықтан да білім беру саласында жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жандандыру үшін, оның негізгі себептерінің астарына үңілу керек. Біздің ойымызша, білім саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ағартушылықтан, яғни сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік індет, мемлекеттің қауіпсіздігіне келтіріліп отырған зор нұқсан екенін түсіндіруден, халық мүддесін, отанды сату мен пара-пар деген түсінікті жастар санасына сіңіруден, сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім мен іс-әрекетті қалыптастырудан басталса керек. Пара беру мен пара алуды болдырмауға жол бермеген жастарға қолдау көрсетіп, оларға бүгінгі күннің патриоттары, Қазақстанның шынайы азаматтары ретінде қарайтын көзқарасты қалыптастыру қажеттілігі туындауда. Өз кезегінде мұндай қадам жастардың ментальдық ұстанымдарын өзгертіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жастардың белсенділігі мен білімін арттырып, білім беру жүйесінде оң өзгерістер әкелуге ықпал етер еді. Өкінішке қарай, көп жағдайда студент жастар сыбайлас жемқорлықпен қалай күресудің тәсілдері мен жолдарын біле бермейді және тәжірибелері де аз болуы мүмкін. Сондықтанда жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімі мен мәдениетін көтеру маңызды іс болып қала бермекші. Әрине, білім беру саласында сыбайлас жемқорлықтың түрлері мен себептері өте көп. Негізгі себептері ретінде мыналарды атап өтуге болады: бюджет қаржыларын тиімсіз пайдалану, ұстаздардың жалақысының аздығы, олардың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз қорғалуы, ұстаздарды аттестациялау жүйесінің тиімсіздігі, студенттердің білім алуға ынтасыздығы, жекеменшік жоғары оқу орындарының білімнен пайданы жоғары қоюы және т. б. себептерді атауға болады [9]. Бірақ білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша түбегейлі өзгерістер байқалады. Қоғамдық мониторинг шеңберінде қашықтан оқыту кезінде компьютерлерді сатып алуға бөлінген қаражатты үлестіру жөніндегі комиссиялардың құрамында «Адалдық алаңы» өңірлік жобалық кеңселері, Арнайы мониторингтік топтардың және Агенттіктің аумақтық бөлімшелерінің өкілдері болды. Бұлтты технологияларға көшу, педагогтерді электрондық форматта аттестаттаудан өткізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін айтарлықтай төмендетуге көмектеседі. Құжаттарды қабылдау, колледждер мен жоғары оқу орындарына түсу емтихандарын өткізу процестері автоматтандырылып жатыр. Бұл сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға мүмкіндік берді [10]

Жемқорлыққа итермелеп отырған негізгі факторлар қатарында сенімсіздік аталып отыр. Яғни, жастардың өз-өзіне сенбеуі, өзінің мүмкіндіктерін жоққа шығаруы. Құқықтық сана мен білімнің төмен болуы. Қазақстандағы құқықтық жүйенің тиімсіз екендігін сауалнама сандары айтуда. Азаматтар өздерін заңмен қорғалған деп есептемейді. Сауалнамаға қатысқан әрбір 4-адам біздің елде құқықтар мүлдем сақталынбайды деп есептейді. 70% олар қашанда жүзеге асады деп есептемейді. Тек аз ғана бөлігі (4%) өздерін толықтай заңмен қорғалған деп есептейді. Тәуелсіздік жылдарында елдің өркениетті қызмет етуі үшін көптеген заңдар қабылданды, алайда оларды жүзеге асыру механизмі кешігуде, заңның алдында барлығы бірдей қағидасы сақталмауда.

Берілген зерттеулердің негізінде мына мәселені түсінуге болады, адамдардың құқықтық сауаттылығы мен олардың заңдарды білу қажеттілігі арасындағы белгілі бір тәуелділік. Күнделікті өмірде жиі тоғысқандықтан мазмұны көпшілікке жақсы белгілі заңдар бар және де мазмұны көпшілікке белгісіз заңдар да жоқ емес. Адамдар заңды

неғұрлым нашар білсе, өздеріне кепіл етілген құқықтар мен мүмкіндіктер көлемін қолдана алмағандықтан қиын жағдайларда көмексіз қалады. Құқықтық сауаттылық деңгейі көтерілген сайын билік емес, заң қоғамды реттеуші күшке айналады. Алайда барлық жайтты тек құқықтық сананың төмендігімен түсіндіріп қана қоюға болмайды. Өйткені құқықтық сана психологиялық интеллектуалдық құбылыс ретінде нақты қолданыстағы заңнамалық норма мен категориялар негізінде қалыптасады. Егер бүгінгі таңда көптеген қазақстандықтар салық төлуден жалтарып отырса, оған заңнаманың үйлесімсіздігі, Салықтық кодекстің керағарлығы, салықтық салымның жоғарылығы себеп. Бұл мәліметтер симптомдық болып келеді, өйткені олар республикалық фискалдық және қаржылық жүйенің тиімсіздігін көрсетеді. Бұл мемлекет экономика саласында «ойын ережесін» қайта қарастыруы қажет екендігін көрсететін белгі болып табылады. Сондай-ақ салық салу мен несие беру заңнамалық негізін жетілдіру қажеттігіне нұсқауда. Халықтың құқықтық сана деңгейін көтеру үшін заңнамаларды жетілдіру қажет, көптеген әлеуметтік-экономикалық және моральдік-психологиялық сипаттағы кемшіліктерге нұсқау қажет.

Бүгінгі таңда биліктің барлық тармақтарын жергіліктен жоғарғы құрылымдарын «ашық» ететін уақыт жетті. Ашықтық тек қоғамдық бақылау мен тәуелсіз баспаны қалыптастыру арқылы ғана жүзеге асады. Либералды, адам құқықтарын құрметтейтін саяси жүйе іскерлік сын практикасын, ақпаратпен еркін аламасуды кеңейтіп, бекітуі тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру барысындағы қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыратын бірден-бір жағдай – ол тәуелсіз БАҚ және ақпаратқа қол жетімділік. Сондықтан да осы мәселелерге назар аудара отырып, журналист мамандардың кәсіби біліктілігін шыңдауда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырары сөзсіз [11].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың тағы бір маңызды саласы, ол мемлекеттік қызметтің өзі. Сыбайлас жемқорлықтың ең көп тараған түрі де осы – мемлекеттік қызмет. Нақты айтар болсақ, мемлекет бюджеті қаражатын талан-таражға салу, қызмет бабын пайдалана отырып, өз басының немесе белгілі бір топтардың мүддесін қорғау, заңсыз негізде сыйлық, материалдық құндылықтарды алу, пара алу, бопсалау және т. б. жатқызуға болады. Осы аталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың әртүрлі жолдары бар екені белгілі. Десек те, мемлекет қызмет саласында кенжелеп, мемлекет қызметінің құқықтық белгісіне айналмай отырған мәселе ол – сыбайлас жемқорлықты болғызбаудың, алдын алудағы жариялылықтың жоқтығы. Мәселен, «Мемлекеттік қызмет туралы заң» талабы бойынша, егер де мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлық туралы шынайы ақпарат білетін болса, оны жасырмай жоғары басшылыққа ол туралы ақпарат беруі тиіс. Сонымен бірге, ол заңда мемлекеттік қызметші ол туралы жазба түрінде жоғарғы жақты хабардар етуге міндетті. Ал шындығында қалай? Егер де, сен сыбайлас жемқорлық туралы біле тұрып жоғарғы жаққа хабар бермесең де саған ештеңе болмайды. Ал, білгенінді жоғарғы жаққа жеткізсең, сенен асқан «өсекші» сөз тасушы адам жоқ. Нәтижесінде, сен көпшілік алдында ыңғайсыз жағдайға қаласың, сенен жұрт сырт айналып өтетін болады. Бұл дегеніңіз, біздің қоғамның әлі де болса мәдени, ментальдық тұрғысынан әлі де дайын еместігін, «көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз» деген ұстаным жетегінде қалып отырғанын көрсетеді. Демек, қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті осы бағытта да қалыптастыра білуі керек. Мемлекет органдары бұл істе бастамашы болуы тиіс. Егер де азаматтар саналық танытып, азаматтық ұстанымдарын білдіріп жатқан болса, оларды заңды түрде қорғау, ынталандыру мәселесі де нақты жолға қойылғаны дұрыс. Әзірге азаматтық құқықтық сана деңгейінің төмендігінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенділік жеткіліксіз болып тұр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың негізі экономикалық қатынастардың дамуымен тікелей байланысты. Экономикалық қатынастар өркениеттік тұрғыдан неғұрлым дамыған сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасатыны сөзсіз. Десек те, әділетсіздік негізде бөліске түскен капитал мен байлықты, ақшаны көлеңкелі

экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналдыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы негізгі кедергі болатыны сөзсіз. Өз кезегінде сыбайлас жемқорлықта әлеуметтік құбылыс ретінде экономиканың қарқынды, тиімді, өнімді дамуына кедергісін тигізеді, адамдардың еңбекке деген қатынасы мен ынтасын төмендетіп, еңбектің моральдық, этикалық астарына нұқсан келтірері сөзсіз. Сондықтан да көлеңкелі экономикамен күрес неғұрлым пәрменді болса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет те қалыптаса бастайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы сұрақтарына қатысты 20.05.2019 жылы өткізген кеңейтілген жиналыс барысында **қарамағындағы қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін бірінші басшылардың жауапкершілікке тартылу мәселесін** ерекше атап өткені баршамызға мәлім. Сондықтан осы кеңейтілген мәжілісте көтерілген өзекті мәселені түпкілікті шешу мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді алдын алу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуі тиіс [12].

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзі: Бүгінде бірқатар мақсатты жүзеге асырдық. Қазақстан беделді халықаралық ГРЕКО ұйымына, яғни сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобына мүше болды. Нормативтік актілерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптамадан өткізу институтының жұмысы жаңғырды. Қол астындағылардың жемқорлық әрекеттері үшін басшыларын қызметінен босату қағидаты енгізілді. Мемлекетіміздің осы бағытта қолға алған шараларын белгілі халықаралық агенттіктер атап өтуде. Дегенмен, біз бұған тоқмейілісіп отыра бермеуіміз керек [13].

Қорытындылай келе сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері кез-келген мемлекет үшін өзекті проблемалардың бірі. Барлық елдерде оның трансұлттық сипаты танылып, оған қарсы экономикалық, құқықтық және басқада шаралар қолданылуда. Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізгі өзекті мәселелері жоғарыдағыдай күрделі болып отыр. Дегенмен қазақта «Алынбайтын асу, бағынбайтын белес, шешілмейтін түйін жоқ» деп бекер айтпаса керек. Қазір мемлекеттік қызметте қарапайым орындаушылық, кәсіби құзыреттілік жеткіліксіз. Барған сайын ар-ұяттылық, әдептілік, адалдық сияқты адамгершілік қасиеттердің маңызы артуда. Бұл құндылықтарды мемлекет, азаматтық қоғам, әрбір азамат тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртібінің негізі ретінде қалыптастырып, жандандыруы тиіс.

Одан бөлек, сыбайлас жемқорлықты жағымсыз құбылыс ретінде қабылдай отырып, оның әртүрлі көріністерін зерттей, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша әдістерді әзірлей отырып, мемлекет жүргізетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың нәтижелерін көрсеткен жөн. Оң нәтижелер бар екеніне құқық қорғау статистикасы мен сот практикасы дәлел бола алады. Оң өзгерістер туралы ауыз ашпау адамдардың құқықтық саясаттың тиімділігіне сенбеушілігін туғызады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына көмектеспейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Большой юридический словарь. <http://slovar.cc/pravo>
2. Хрестоматия по всеобщей истории государства и права: учеб.пособие /М. Черниловский. – М., 1994.
3. Аристотель. – М.: Мысль, 1983. – 830 с
4. Вебер М. Политика как призвание и профессия. – М.: Прогресс, 1990.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы. <http://adilet.zan.kz>
6. Антикоррупционная политика: учебное пособие /под ред. Г. А. Сатарова. –М., 2004. – 368 с
7. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ НЕГІЗДЕРІ, Астана, 2016, 34-35бет

8. Измайлов А. Э. Народная педагогика: педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. <http://bibliotekar.kz/narodnaja-pedagogikapedagogicheskie-voz/2-trudovoe-vozpitanie-serdcevinanarodno.html>, 10.04.2015
9. <https://journal.apa.kz/index.php/path/article/view/290/242>
10. <https://aigak.kz/2020/11/16/blm-salas-sbaylas-zhemorla-ars-kreste-belsendlk-tantp-keled/>
11. Құқықтық сауаттылық. Бұл рөл заңға жай ғана құрметтен гөрі маңыздырақ және жанжақты (articlekz.com)
12. <https://www.gov.kz/memleket/entities/shymkent-ishki-sayasat/press/article/details/6036?lang=kk>
13. https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kktokaevtyyn-sybailas-zhemkorlykka-karsy-kures-maseleleri-zhonindegi-keneste-soilegen-sozi

УДК 342.565.2

АКТУАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КОНСТИТУЦИОННОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: УСИЛЕНИЕ ЗАЩИТЫ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА

Джунусова Малика Толеужановна

dzhunusova_mt@enu.kz

докторант кафедры конституционного и гражданского права юридического факультета ЕНУ
имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – профессор, д.ю.н. Абдрасулов Ермек Баяхметович

Расширение в Республике Казахстан новых конституционных ценностей вызвало необходимость в увеличении правовых механизмов защиты прав и свобод человека. Президент Республики Казахстан 16 марта 2022 года в своем ежегодном послании обозначил новые векторы модернизации политической и правовой системы, направленной на повышение политической конкуренции и совершенствование правозащитных институтов.

В современном казахстанском обществе сложилось четкое понимание, что строительство нового Казахстана невозможно без глубокой трансформации судебной системы, которая должна функционировать в рамках Основного закона и нормативных правовых актов. Особое место в системе конституционного контроля должен занять Конституционный Суд Республики Казахстан.

Конституционное производство в Казахстане относится к юридическим процессам, связанным с официальным толкованием, решает вопрос о правильности проведения выборов Президента и депутатов Парламента, республиканского референдума, рассмотрение на соответствие Конституции РК нормативных правовых актов. Данные вопросы относятся к компетенции Конституционного Суда Республики Казахстан.

Конституционный Суд РК является независимым и самостоятельным органом, который осуществляет конституционный контроль, и не относится к системе иных судов. Конституционный Суд не пересматривает судебные акты по уголовным, гражданским и административным делам и не дает им соответствующую правовую оценку. Конституционный Суд проверяет исключительно нормативные правовые акты или их отдельные положения на соответствие Основному Закону РК. Также в своих итоговых ращениях Конституционный Суд может дать рекомендации по совершенствованию законодательства.